

Қазақстан Республикасы экология және
табиғи ресурстар министрлігі



«Қазгидромет» РМК

08.05.2026 ж. №5 бюллетенге түзету

2026 ж. «11» мамыр күніне арналған

**Қазақстан Республикасының таулы аумағы бойынша жаңбыр генезисті сел
қауіптілігінің күнделікті бюллетені**

(бюллетеньнің қолданылу мерзімі: 2026 жылғы 10 мамыр сағат 20:00-ден 11 мамыр сағат 20:00-ге дейін)

құрастырылған күні: 10.05.2026 ж.

Мекен жайы: Алматы қ., Абай көшесі, 32
Астана қ., Мәңгілік ел,

Сел үдерістерін зерттеу және
селді болжау басқармасының
басшысы:

Яфязова Р.

тел.: 8(727) 267-53-38

e-mail: seli@meteo.kz

Кезекші синоптик:

Ботаева М.

тел.: 8(7172) 79-83-75

e-mail: ukpp@meteo.kz

2026 жылғы «11» мамырға

Қазақстан Республикасының аумағы бойынша жаңбыр генезисті сел қауіптілігі туралы Кеңес беру





Облыстар	Сел қауіпті аудандар	Гидрометеорологиялық жағдай
Абай	Тарбағатай	11 мамырда жаңбыр (1-14 мм), найзағай, кей жерлерде қатты жаңбыр (15-20 мм), бұршақ, дауыл. Тарбағатайда қарқынды ұзақ жауын-шашын түскенде сел түзілуі мүмкін. Сел қауіптілігі бар аймақта тәртіп ережелерін сақтаңыз.

Бюллетеньді құрастыру кезінде «Қазгидромет» РМК бөлімшелерінің деректері мен ақпараттары, Жер туралы ғылымдар орталығы (GFZ) Потсдам, Германия ұсынған MODSNOW құралы пайдаланылады

Жаңбыр генезисті сел қауіптілігінің деңгейі (1 Қосымша)

!!! Ескерту: Сел қауіпті ауданда тәртіп ережесін сақтаңыз (2 Қосымша)

Жаңбыр генезисті сел қауіптілігінің деңгейі

Сел қауіптілігінің деңгейлері	Сел қауіптілігінің деңгейін анықтайтын факторлар	Қауіптілік дәрежесі	Қорғау шаралары
	<p>Маусымдық қар сызығы жайғасуының, ауа температурасының, топырақ ылғалдылығының жоғары мәндері; болжамды сұйық жауын-шашын мөлшері ≥ 30 мм (өте қатты жаңбыр) немесе нақты жауған сұйық жауын-шашын мөлшері ≥ 40 мм</p>	<p>Халық пен шаруашылық нысандары үшін үлкен қауіп</p>	<p>Мемлекеттік басқару органдары мен халықты хабардар ету.</p>
	<p>Маусымдық қар сызығы жайғасуының, ауа температурасының, топырақ ылғалдылығының жоғары мәндері; болжамды сұйық жауын-шашын мөлшері 15-29 мм (қатты жаңбыр)</p>	<p>Халық пен шаруашылық объектілері үшін потенциалды қауіп</p>	<p>Мемлекеттік басқару органдары мен халықты хабардар ету.</p>
	<p>Маусымдық қар сызығы жайғасуының, ауа температурасының, топырақ ылғалдылығының салыстырмалы түрде төмен мәндері; болжамды сұйық жауын-шашын мөлшері 15-29 мм (қатты жаңбыр)</p>	<p>Төмен таулы аймақта селдің пайда болу аймағында адамдар үшін потенциалды қауіп</p>	<p>Мемлекеттік басқару органдарына және халыққа хабарлау.</p>
	<p>Төмен ауа температурасы, топырақтың ылғалдылығы, сұйық жауын-шашынның болмауы.</p>	<p>Қауіптілік жоқ</p>	<p>Сел қауіптілігі бар аймақта тәртіп ережелерін сақтау, «Абайлаңыз, сел қауіптілігі бар телім» ескерту қалқандарын назарға алу</p>

Сел қауіптілігінің белгілері және Сел қауіптілігі бар аймақта тәртіп ережелері

Тауларға бару және онда болу жоспарланғанда, ауа райының өзгерістерін және дауылды ескертулерді бақылау қажет. Сел қауіпі туындаған жағдайда, сел қауіпі бар аймақта тәртіп ережелерін сақтау керек. Сел ағынының тереңдігі 40-50 м жетуі мүмкін (әсіресе арнаның бұрылыстарында), ағынның қозғалу жылдамдығы-5-10 м/с және одан жоғары (жекелеген жағдайларда 15-20 м/с дейін) болады. Егер адам сел ағынына түссе, өлімге алып келуі сөзсіз, сондықтан қауіпсіздік шараларын сақтау ерекше мәнге ие болады.

Қатты жауын-шашынның түсуінен туындаған сел қауіптілігінің белгілері

- ✓ Өзендегі судың шығыны мен лайлылығының күрт артуы.
- ✓ Өзен арнасының жоғарғы бөлігінде балшық шаңы бұлтының және гүрілдің пайда болуы.
- ✓ Селге жақын жерде топырақ беткейін шайқау.

Сел қауіптілігі бар аймақта тәртіп ережелері

- ✓ Өзен арнасына (жайылмасына), құрғақ арнаға және көл бөгетіне жақын жерде демалуға және шатырлы лагерь құруға болмайды.
- ✓ Бақылаушыны алға қойыңыз, сонда ол алда не болып жатқанын көреді және төнген қауіп туралы ескертеді, сонымен қатар өзеннен су алуға барғанда.
- ✓ Сұйық жауын-шашынның қарқынды түсуі және сел қауіптілігінің басқа да белгілері кезінде өзен арнасынан (жайылмасынан), құрғақ арнадан алыстау және аңғардың баурайы бойынша 40-50 м жоғары көтерілу.
- ✓ Сел өткен кезде одан өзен арнасының бойымен қашуға болмайды, аңғардың баурайы бойымен 40-50 м жоғары көтерілу керек (сел тасқынынан тастар ұшуы мүмкін).
- ✓ Тік жартастар мен тік беткейлердің астында тоқтамаңыз (топырақ беткейінің шайқалуынан, сел жақын жерде, құламалар мен тастың түсуі болуы мүмкін).
- ✓ Сел өткеннен кейін өзен арнасына түспеу, өйткені арнада сел қайта қалыптасу мүмкін.
- ✓ Сел жүріп өткеннен соң беткейлердің сырғуынан, үзілген немесе салбырап тұрған электр сымдарынан, бүлінген газ магистралынан абай болған жөн.

2026 жылғы «11» мамырға
 ҚР таулы аудандары бойынша ауа-райы болжамы

Іле Алатау	<p>Жаңбыр (1-14 мм), кей уақыттарда қатты жаңбыр (15-29 мм), найзағай, бұршақ, дауыл. Биік таулы аймақтарда жауын-шашын (жаңбыр, сулы қар) (1-14 мм), кей уақытта қатты (15-20 мм). Солтүстік-батыстан жел соғады 9-14, кей уақытта екпіні 18-23 м/с.</p> <p>2000 м: Ауа температурасы түнде 2-7, күндіз 9-14 градус жылы.</p> <p>3000 м: Ауа температурасы түнде және күндіз 2 градус аяз-3 градус жылы.</p>
Күнгеі Алатау	<p>Жаңбыр (1-14 мм), кей уақыттарда қатты жаңбыр (15-29 мм), найзағай, бұршақ, дауыл. Солтүстік-батыстан жел соғады 9-14, кей уақытта екпіні 18-23 м/с. Ауа температурасы түнде 5-10, күндіз 10-15 градус жылы.</p>
Теріскей Алатау	<p>Жаңбыр (1-14 мм), кей уақыттарда қатты жаңбыр (15-26 мм), найзағай, бұршақ, дауыл. Солтүстік-батыстан жел соғады 9-14, кей уақытта екпіні 18-23 м/с. Ауа температурасы түнде 7-12, күндіз 10-15 градус жылы.</p>
Жетісу Алатау	<p>Түнде жауын-шашын (1-14 мм), кей уақыттарда қатты жауын-шашын (жаңбыр, қар) (15-20 мм), күндіз жаңбыр (1-14 мм), кей уақыттарда қатты жаңбыр (15-20 мм). Түнде және таңертен тұман. Күндіз кей уақыттарда найзағай, бұршақ. Оңтүстік-батыстан жел соғады, күші 9-14, екпіні 15-20 м/с.</p> <p>2000 м: Ауа температурасы түнде 0-5, күндіз 5-10 градус жылы.</p> <p>3000 м: Ауа температурасы түнде 0-5 градус аяз, күндіз 0-5 градус жылы.</p>
Қырғыз Алатау	<p>Жаңбыр, найзағай, бұршақ, дауыл, кей уақыттарда қатты жаңбыр (5-22 мм) болады. Оңтүстік-батыстан соғатын жел солтүстік-батыс желіне ауысады, күші 9-14, кей жерлерде 15-20, екпіні 23 м/с. Ауа температурасы түнде 5-10, күндіз 13-18 градус жылы.</p>
Талас Алатау (Жамбыл облысы)	<p>Жаңбыр, найзағай, бұршақ, дауыл, кей уақыттарда қатты жаңбыр (5-22 мм) болады. Оңтүстік-батыстан соғатын жел солтүстік-батыс желіне ауысады, күші 9-14, кей жерлерде 15-20, екпіні 23 м/с. Ауа температурасы түнде 5-10, күндіз 13-18 градус жылы.</p>
Талас Алатау (Түркістан облысы)	<p>Жаңбыр (1-6 мм), түнде қатты (1-20 мм), найзағай, бұршақ, дауыл. Оңтүстік-батыстан жел соғады, күші 8-13, екпіні 15-20 м/с. Ауа температурасы түнде 6-11, күндіз 12-17 градус жылы.</p>
Өгем жотасы	<p>Жаңбыр (1-6 мм), түнде қатты (1-20 мм), найзағай, бұршақ, дауыл. Оңтүстік-батыстан жел соғады, күші 8-13, екпіні 15-20 м/с. Ауа температурасы түнде 10-15, күндіз 20-25 градус жылы.</p>
Маңғыстау таулары	<p>Жауын-шашынсыз. Оңтүстік-шығыстан жел соғады, күші 9-14 м/с. Ауа температурасы түнде 11-16, күндіз 23-28 жылы.</p>
Сауыр	<p>Жаңбыр (1-14 мм), найзағай. Жел батыстан, солтүстік-батыстан соғады, күші 9-14, кей жерлерде 15-20 м/с. Ауа температурасы түнде 3-8, кей жерлерде 13, күндіз 10-15, кей жерлерде 18 градус жылы.</p>
Тарбағатай	<p>Жаңбыр (1-14 мм), найзағай, кей жерлерде қатты жаңбыр (15-20 мм), бұршақ, дауыл. Жел батыстан, солтүстік-батыстан соғады, күші 9-14, кей жерлерде 15-20, кей уақыттарда 23 м/с. Ауа температурасы түнде 3-8, кей жерлерде 13, күндіз 10-15, кей жерлерде 20 градус жылы.</p>
Қазақстандық Алтай	<p>Жаңбыр (1-14 мм), найзағай, кей жерлерде қатты жаңбыр (15-20 мм), бұршақ, дауыл. Жел батыстан, солтүстік-батыстан соғады, күші 9-14, кей жерлерде 15-20 м/с. Ауа температурасы түнде 4-9, кей жерлерде 14, күндіз 10-15, кей жерлерде 19 градус жылы.</p>